

The background features a vibrant blue gradient with several thick, wavy, overlapping lines in shades of yellow, orange, red, and green. Scattered throughout are various semi-transparent geometric shapes, including squares, diamonds, and rectangles, some of which are slightly offset from each other, creating a sense of depth and movement.

**Ондық бөлшектер.
Ондық бөлшектерді жазу және оқу**

5 - сынып

Математика мұғалімі: Айтжанова М



Сабақтың тақырыбы: Ондық бөлшектер.

Ондық бөлшектерді оқу және жазу.

Сабақтың мақсаты:

Білімділік:

Ондық бөлшектің жазылуы, бүтін бөлік, бөлшек бөлік, олардың разрядтары, үтір қайыру, ондық бөлшектің қасиеттерін меңгерту.

Дамытушылық:

Ондық бөлшектерді разрядтары бойынша орналастыра алу, оқушылардың білім және білік дағдысын дамыту, өз бетінше есеп шығару, іздену, шығармашылықпен еңбек ету қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік:

Оқушыларды шыдамдылыққа, сұрақтарға нақты жауап беруге, алған білімдерін практикамен ұштастыруға, өз білімін көрсете алатын қасиеттерін ашуға тәрбилеу.



1. Қандай сан жай бөлшек деп аталады? Мысал келтір.

2. Аралас сан дегеніміз не? Мысал келтір.

Мына сандарды оқы, бүтін және бөлшек бөліктерін ажырат:

$$\frac{3}{5}; \quad 2\frac{3}{10}; \quad \frac{51}{100}; \quad 5\frac{3}{100}; \quad 2\frac{1}{4}; \quad \frac{11}{20}; \quad \frac{219}{1000};$$



Мына сандардың арасынан бөлімі 10; 100; 1000 болатын сандарды теріп алыңыз. Бүтін және бөлшек бөліктерін ажырат:

$$\frac{3}{5}; \quad 2\frac{3}{10}; \quad \frac{51}{100}; \quad 5\frac{3}{100}; \quad 2\frac{1}{4}; \quad \frac{11}{20}; \quad \frac{219}{1000};$$



Ондық бөлшектерді жазу

$$2\frac{3}{10} = 2,3$$

$$\frac{51}{100} = 0,51$$

$$5\frac{3}{100} = 5,03$$

$$\frac{219}{1000} = 0,219$$

Ондық бөлшектер



Ондық бөлшектерді жазу

$$2\frac{3}{10} = 2,3$$

$$\frac{51}{100} = 0,51$$

$$5\frac{3}{100} = 5,03$$

$$\frac{219}{1000} = 0,219$$

Үтір арқылы жазылған бөлшек сандар ондық бөлшектер деп аталады.

Ондық бөлшектерді жазу

Ондық бөлшектер

Үтір арқылы жазылған бөлшек сандар ондық бөлшектер деп аталады.

Ондық бөлшектердің жазылуында үтірдің сол жағында ондық бөлшектің **бүтін бөлігі** жазылады, ал оң жағында ондық бөлшектің **бөлшек бөлігі** жазылады.


Мысалы:

2,3- 2- бүтін бөлігі,
3- бөлшек бөлігі

5,03- 5- бүтін бөлігі,
3- бөлшек бөлігі

0,51 0- бүтін бөлігі,
51- бөлшек бөлігі

0,219- 0- бүтін бөлігі,
219- бөлшек бөлігі



Ондық бөлшектерді жазу

Ондық бөлшектердің жазылуында үтірдің сол жағында- ондық бөлшектің **бүтін бөлігі** жазылады, ал оң жағында ондық бөлшектің **бөлшек бөлігі** жазылады.

Бөлімдері 10; 100; 1000 т.с.с болатын жай бөлшектің **бөлімінде қанша нөл** бар болса, ондық бөлшек түрінде жазғанда **үтірден кейін сонша таңба** болуы тиіс.

Мысалы:

$$5 \frac{7}{10} = 5,7$$

$$3 \frac{9}{100} = 3 \frac{09}{100} = 3,09$$

$$\frac{7}{1000} = 0 \frac{007}{1000} = 0,007$$



Тең ондық бөлшектерді жазу

Ондық бөлшектердің жазылуында үтірдің сол жағында- ондық бөлшектің **бүтін бөлігі** жазылады, ал оң жағында ондық бөлшектің **бөлшек бөлігі** жазылады.

Ондық бөлшектердің жазылуында бөлшек бөлігінің соңына нөлді немесе бірнеше нөлді тіркеп жазсақ, немесе соңғы нөлдерді алып тастасақ ондық бөлшек өзгермейді.

Мысалы:

$$5,7 = 5,70 = 5,70000$$

$$0,09 = 0,090 = 0,09000$$

$$1,090000 = 1,0900 = 1,09$$



Ондық бөлшектердің разрядтары

Ондық бөлшектер де натурал сандар секілді разрядтарға бөлінеді.

Ондық бөлшектердің бірліктен кіші разрядтары болады.

Ол мына кестеде көрсетілген:

Ондық бөлшектер											
.....	Мыңдық	Жүздік	Ондық	Бірлік	,	Ондық үлес	Жүздік үлес	Мыңдық үлес	Он мыңдық үлес	Жүз мыңдық үлес



Ондық бөлшектерді оқу

Ондық бөлшектерді оқығанда көрсетілген кестенің маңызы бар.

Ондық бөлшектерді оқығанда алдымен бүтін бөлігі оқылады, содан кейін бөлімі ретінде ең кіші разряды шығыс септігінде оқылады.

Ондық бөлшектер											
.....	Мыңдық	Жүздік	Ондық	Бірлік	,	Ондық үлес	Жүздік үлес	Мыңдық үлес	Он мыңдық үлес	Жүз мыңдық үлес
			5	2	,	2	5	6			
		1	0	2	,	0	0	2	4	3	

52,256- елу екі бүтін мыңнан екі жүз елу алты

102,00243- жүз екі бүтін жүз мыңнан екі жүз қырық үш

Бекіту сұрақтары:

- 1. Бірліктен кіші разрядтар қалай аталады?**
- 2. Бөлімі 10; 100; 1000; ... болатын жай бөлшектер қалай жазылады?**
- 3. Санның ондық бөлшекпен жазылуында үтір қайда қойылады?**
- 4. Ондық бөлшектегі үтірден кейінгі ондық таңбалар саны қалай анықталады?**
- 5. Үш бүтін мыңнан он жеті саны ондық бөлшекпен қалай жазылады? Түсіндіріп бер.**
- 6. Берілген ондық бөлшекке тең бөлшекті қалай анықтауға болады? 10,23 санына тең бөлшекке мысал келтір.**



Математикалық диктант

1. Ондық бөлшектерді жазыңдар:

- а) жиырма бес бүтін оннан үш;
- ә) үш бүтін жүзден он алты;
- б) нөл бүтін мыңнан он үш;
- в) нөл бүтін мыңнан бес

2. Ондық бөлшекті жазыңдар:

- а) жеті бүтін мыңнан он тоғыз;
- ә) бес бүтін жүзден жиырма жеті.
Оларды аралас сан түрінде жаз.

3. Сандарды оқыңдар:

- а) 0,4; ә) 2,04; б) 0,41; в) 2,004



Математикалық диктант

1. Ондық бөлшектерді жазыңдар:

а) жиырма бес бүтін оннан үш;

25,3

ә) үш бүтін жүзден он алты;

3,16

б) нөл бүтін мыңнан он үш;

0,013

в) нөл бүтін мыңнан бес

0,005

2. Ондық бөлшекті жазыңдар:

а) жеті бүтін мыңнан он тоғыз;

7,019

$$7\frac{19}{1000};$$

ә) бес бүтін жүзден жиырма жеті.

5,27

$$5\frac{27}{100};$$

Оларды аралас сан түрінде жаз.

3. Сандарды оқыңдар:


а) 0,4; ә) 2,04; б) 0,41; в) 2,004

А) нөл бүтін оннан төрт

Ә) екі бүтін жүзден төрт

Б) нөл бүтін жүзден қырық бір

В) екі бүтін мыңнан төрт



V. Нысана



1. Ондық бөлшекті анықта

а) 12,05 в) $2\frac{3}{10}$; с) $2\frac{3}{5}$;

2. 420,12 санының бүтін бөлігін тап

а) 12 в) 42 с) 420

3. 23,53 санының бөлшек бөлігін тап

а) 23 в) 53 с) 100

4. $4\frac{21}{100}$ ондық бөлшек түрінде жаз

а) 0,421 в) 4,121 с) 4,21

5. 10,17 бөлшегіне тең бөлшекті анықта

а) 10,017 в) 10,170 с) 1,17

Жауабы:


1. А

2. С

3. В

4. С

5. В



Оқулықпен жұмыс.

Есеп № 898, 901

№ 898.

**I. 1) 0,06 2) 0,017 3) 0,303 4) 0,007
5) 0,099 6) 0,008 7) 0,0705**

**II. 1) 40,4 2) 5,05 3) 9,806 4) 6,006
5) 2,3709 6) 8,0001**

№ 901.

**1) 0,314 2) 5,79 3) 6,907
4) 28,056 5) 32,0301 6) 90,5703**



A vibrant, colorful illustration of a meadow. The sky is a bright blue with a rainbow arching across it, and numerous white starburst effects. Green leaves and branches frame the top of the image. The foreground is filled with tall green grass, red and yellow flowers, and several butterflies. A small, colorful cartoon character is visible in the grass on the right.

Сергію сәті

Сұрақ белгісінің орнындағы санды тап!






90°

$$C = 2\pi r$$

$$A = \pi r^2$$





Үйге тапсырма.

Есеп № 902 және №903